

Этикалық комиссияның қорытындысы
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Хаттама № 2

«26 10 2024 ж.

| | | |
|----|--|--|
| 1. | Докторанттың аты-жөні | Айткулова Гулмира Арипхановна |
| 2. | Докторанттура мамандығы (білім беру бағдарламасы) | 8D02310 – Филология |
| 3. | Докторантурада оқу кезеңі | 2021 - 2024ж. Бұйрық №113-ЖООК |
| 4. | Диссертация тақырыбы, бекітілген күні | Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбекқорлық//жалқаулық» концептілері Бұйрық №162-ЖООК, 01.12.2023 |
| 5. | Ғылыми кеңесшілер туралы деректер - Т. А. Ә, (болған жағдайда), лауазымы және жұмыс орны, ғылыми дәрежелері, азаматтығы | Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, «Түркітану және тіл теориясы» кафедрасының менгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Авакова Раушангүл Амирдиновна Қазақстан Республикасының азаматы Мугла Сылкы Кочман университетінің доценті, PhD доктор Кенан Коч Түркия Республикасының азаматы |
| 6. | Зерттеу объектілері | Еңбекқорлық//жалқаулық концептерін білдіретін қазақ тілінің бірліктері еңбекқорлық//жалқаулық туралы мәдени білімді вербализациялау тетіктері. |
| 7. | Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар | Бұзушылықтар анықталған жоқ. |
| 8. | Ғылыми зерттеулер нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар | Бұзушылықтар анықталған жоқ. |
| 9. | Зерттеу объектілерінің (жанды табигат объектілері мен мекендеу ортасы болған жағдайда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен деңсаулығын корғау қалай жүргізілді? | Зерттеу жұмысы барысында зерттеу объектілерінің құқықтары мен қауіпсіздігі сакталған. |

Этикалық комиссияның төрагасы

Н.Н. Алибаев

Этикалық комиссияның хатшысы

А.Т. Ермекбаева



М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінің PhD докторантты Айткулова Гульмира Арипкановнаның «8D02310– Филология» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған «Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбекқорлық\жалқаулық» концептілері» атты тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысына

ПІКІР

ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында дами бастаған тіл білімінің антропологиялық парадигмаға көшу үрдісі «адам – тіл – мәдениет», «адам – тіл – ойлау» үштігі негізіндегі гуманитарлық зерттеулердің пәнаралық салаларының дамуын күшетті. Адамзат танымының жемісі болып табылатын әлемнің тілдік бейнесі антропологиялық тіл білімінің түрлі бағыттарын қалыптастыруға септігін тигізді.

Әлемдегі біrbүтін дамудың орталығы деп танитын мәдениет іспетті тіл де бізге өзінің қырлары мен сырларына, жұмбағы мен құпиясына толы шексіз қасиеттерін ашуда. Әлемді қалай көреміз, қалай түсінеміз, қалай сезінеміз деген мәселелер ғылымда көп зерттеле қоймаған, әлі де толықтырулар мен ізденістерді талап ететін зерттеулердің бірі болып табылады. Қарапайым тілдің логикалық жағы, әсіресе, эмоцияны, «сезімдік ойлауды» талап етпейтін жағдайда қасиеттері өте шектеулі.

Халқымызыдың әр дәүірдегі ой-толғамдары мен тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрінен, жүріп өткен тарихынан хабар беретін *еңбекқорлық\жалқаулық* концептілерін танымдық түрғыда зерттеу арқылы қазақ халқына тән ұлттық нақыштар мен мәдениетіміздің сан қатпарлы үлгілерінен хабар алатындықтан зерттеу жұмысымыздың маңызы арта түседі. Диссертациялық зерттеуде зерттеу жұмысымыздың маңызы арта түседі. Диссертациялық зерттеуде *еңбекқорлық// жалқаулық* концептілерінің когнитивті дискурстағы (проза, поэзия, паремиологияда, фразеология) лингвомәденитанымындағы вербалдану ерекшеліктері зерттелді. Осылайша, осы жұмыстың өзектілігі қажеттілікпен анықталады: тілдің адам әлемімен байланысы мәселесін одан әрі дамыту, концептілерді вербализациялау тетіктерін зерттеуді көздейтін концептосфераның әрбір құрамдас бөлігінде *еңбекқорлық\жалқаулық* ұғымдары маңызды болып табылады. Сонымен катар, лингвомәдениеттану терминологиялық аппаратының ашылуы, мәдени білімді концептуализациялау және санаттау ерекшеліктерін түсіну; концептіні зерттеудің принциптерін, әдістері мен әдістерін құру қажеттілігі қазақ тілі материалындағы мәдениет; кешенді қазақ құндылықтарын көрсетуге мүмкіндік беретін *еңбекқорлық\жалқаулық* концептілерінің сипаттамасы лингвомәдени қоғамдастық үшін өзекті болып табылады.

Докторант тарапынан концепт, лингвомәдени талдау жүйесі туралы ғалымдар көзқарастарымен еңбектерін салыстыра отырып, *еңбекқорлық\жалқаулық* концептілерінің лингвомәдени мазмұнын әлемнің тілдік бейнесі контекстінде зерттелгені байқалады. Мәдени білімді

концептуалдау процестерінің мәні тұтастай алғанда әлемнің бейнесін мазмұнды қалыптастыру, одан әрі дамыту болып табылады. «Еңбеккорлық\жалқаулық лингвомәдени концептілері ұлттық бейнені көрсете алатын кадр, сценарий, гештальт, стереотип түрінде халқымыздың сөз қолданысында көптеп кездеседі. Сонымен қатар, еңбеккорлық\жалқаулық концептілерінің концептілік өрісіндегі макроконцептілердің танымдық ерекшеліктері анықталған. Ізденушінің анықтаған тілдік брліктердің мәдени негізделген түсіндіру процестері тілдік образдағы халықтың тарихымен, мәдениетімен тығыз байланысты мәдени-танымдық стратегияларды тереннен түсіндіретін лингвомәдени бірліктер болып табылады.

Ізденушінің зерттеулері көрсеткендей, ана тілінде сөйлейтіндер әлемінің тілдік көрінісінде еңбек пен еңбегі жоқтық ұғымдарын сипаттайтын тұрақты тіркестер темперамент жеке тұлғаның көрінуінің тәуелсіз формасы ретінде әрекет етпейді, бірақ міnez қасиеттерінің эмоционалды бағытынан, психикалық процестердің белгілі бір жылдамдығынан, тұлғаның экспрессивті қозғалыстары мен әрекеттерін сипаттаудан тұратын мінездің динамикалық жағы болып табылатындығын алға тартады. Көптеген тұрақты тіркестер зерттеуге алынған, зерттеу нәтижелері көрсетілген.

Диссертациядағы қол жеткізген әрбір ғылыми нәтиже жаңаша келтірілген және негізdemесі бар, зерттеу барысында алға қойған міндеттерге сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыс бірізділікпен жүзеге асырылған, келтірілген материалдар логикалық түрғыдан үйлесе отырып ғылыми жұмыстың мазмұнын ашады. Құрылымдық қайшылықтары жоқ және рәсімделуі диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Зерттеуде келтірілген қорытынды мен тұжырымдар өзара байланысқан және бір мақсатқа жұмылдырыла отырып дәйектелген.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінде орындалған алғашқы шәкіртім, Айткулова Гульмира Арипкановна, өте еңбеккор, ғылыми еңбектерді жүйелеп, талдау жасап, сын көзben қарап, өз пікірін тұжырымдай алатын ғалым. Диссертациялық зерттеуге қойылған мақсаттарды толық орындағы. Зерттеу жұмысын жазу барысында ғылыми еңбектері халықаралық және Республикалық конференцияларда мақұлданды, сонымен қатар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түркітану және тіл теориясы кафедрасының ғылыми семинарында талқылаудан өтті.

Диссертациялық зерттеуінің нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда барлығы 9 ғылыми мақала жарық көрді. Оның ішінде: Скопус (Scopus) мәліметтер базасында – 1 мақала, ҚР ҒЖБМ Ғылым саласындағы сапаны қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда - 3 мақала және халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында 5 мақаласы жарияланды. Жарық көрген ғылыми мақалалары диссертацияның мазмұнын толық ашады.

Қорыта айтқанда, диссертациялық жұмыс – PhD докторанттардың диссертациялық жұмыстарына қойылатын талаптарға сай орындалған, теориялық және тәжірибелік маңызы бар толық аяқталған жеке дара зерттеу.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінің PhD докторантты Айткулова Гульмира Арипкановнаның «8D02310–Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған «Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбекқорлық\\жалқаулық» концептілері» атты тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми көзесшінің берген

ПІКІРІ

Әлемнің тілдік бейнесін тануда концептілерді зерттеу ғасырлар бойы тұракты өрнектер, когнитивтік ұлгілер түрінде ұлттың мәдени танымындағы стереотиптерді тануға мүмкіндік береді. Ұлт тілінде сөйлеуші халықтың ғасырлар бойы сақталған дүниетанымы мен тілдік формаларда бекітілген дүниенің бұрыннан келе жатқан және сақталған ұлттық бейнесін анықтауда концептілердің маңызы зор. Қазіргі кезеңде лингвомәдениеттану дербес пән ретінде курделі зерттеу объектісіне ие – тіл мен мәдениеттің өзара сабабақтастығы. Қазақ халқының әр дәуірдегі ой-толғамдары мен тұрмыстіршілігі, салт-дәстүрінен, жүріп өткен тарихынан хабар беретін еңбекқорлық\\жалқаулық концептілерін танымдық тұрғыда зерттеу арқылы қазақ халқына тән ұлттық нақыштар мен мәдениетіміздің сан қатпарлы ұлгілерінен хабар алатындықтан зерттеу жұмысымыздың маңызы арта түседі. Диссертациялық зерттеуде еңбекқорлық// жалқаулық концептілерінің когнитивті дискурстағы (проза, поэзия, паремиология, фразеология) лингвомәдениеттанымындағы вербалдану ерекшеліктері зерттелген. Осылайша, осы жұмыстың өзектілігі қажеттілікпен анықталады: тілдің адам әлемімен байланысы мәселесін одан әрі дамыту, концептілерді вербализациялау тетіктерін зерттеуді қөздейтін концептосфераның әрбір құрамдас бөлігінде еңбекқорлық\\жалқаулық ұғымдары маңызды болып табылады.

Менің докторанттым тарапынан жүргізілген зерттеу еңбегінде әр түрлі деңгейдегі теориялық жұмыстарды пайдаланғандығы диссертацияның негізделу және шынайылық дәрежесін растианды. Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдарының мазмұны күрделі әрі дәйекті, әрбір тұжырымы салмақты, сондықтан да болса керек зерттеу стратегиясы айқындалған, алынған нәтижелер жинақталған, жүйеленген әрі ғылыми тұрғыдан негізделген. Мәселен, зерттеуде когнитивті дискурстағы еңбекқорлық//жалқаулық концептілерінің құрылымдық ерекшеліктері мен семантикалық көлемі анықталғандығы жөніндегі нәтижелері негізінде дайындалған тұжырымдар мен ұсыныстар көлтіріліп, қосынша да ізденуші тарапынан анықталған тілдік бірліктердің сөздігі берілген. Диссертацияның ғылыми нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптар деңгейінде орындалған.

Докторант Айткулова Гульмира Арипкановнаның Мугла Сыткы Кочман университетінде онлайн ғылыми тәгілімдамадан өткен кезде қазақ, түрік тілдеріндегі еңбекқорлық//жалқаулық концептілерінің сипаттайтын тілдік бірліктердің ұқсас тұстары мен ерекшеліктерін талқыланды. Ізденүшінің түрік



тіліне деген қызығушылығы мен екі тілде салыстырмалы зерттеу жүргізудегі идеялары мен ой-толғамдары, жасаған тұжырымдары ғылыми тұрғыда сыни ойлау қабілеттерінің жогары екендігін көрсетті. Диссертациялық жұмыста Еңбекқорлық // жалқаулық концептілерінің мәдени код ретінде концептуалдануы, ұлттық сана ретінде қарастырылуы жұмыстың логикалық жүйелілігі мен ішкі бірлігін айқындал тұр. Қазақ тіліндегі «еңбекқорлық\\ жалқаулық» концептілерінің лингвомәдени мазмұнын талдамас бұрын отандық және шетелдік ғалымдардың концепті жөніндегі еңбектері мен көзқарастарына тоқталып откен. Осыдан соң тіліміздегі еңбекқорлық концепті когнитивті дискурстағы (проза, поэзия, тұрақты тіркестер, паремиологиялық бірліктер, баталек) әлемнің тілдік бейнесін танытатын тілдік бірліктерді танымдық тұрғыда талдалап шыққан. Қорытындылап айттар болсақ, қазақ тіліндегі «еңбекқорлық\\ жалқаулық» концептілерінің лингвокогнитвік болмысын ашуда қызмет ететін тілдік семалар халықтың ұжымдық тәжірибесі, танымы, қоғамдағы адамдардың бір бірімен байланысы, шаруашылығы, халықтың рухани мәдениеті ментальды когнитивті түрде таңбаланғандығын дәлелдеген.

Диссертацияның мазмұны, тұжырымдары мен негізгі нәтижелері: отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда барлығы 9 ғылыми мақала түрінде жарық көрді. Оның ішінде 1 мақала Скопус (Scopus) мәліметтер базасында, 3 мақала – КР ФЖБМ Ғылым саласындағы сапаны қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда және 5 мақала – халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында жарияланған.

Қорытга айтқанда, Айткулова Гульмира Арипкановнаның «8D02310– Филология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбекқорлық\\жалқаулық» концептілері» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынамын.

PhD докторы, доцент

Мугла Сыткы Кочман университеті,
Мугла (Түркия)

Женан Коч



М.Әүезов атындағы Олтүрк Казакстан университеті
 «8D02310-Филология» білім беру бағдарламасының PhD докторанты
 Айтқұлова Гульмира Арикановнаның
 тұрмыс енбектерінің

ТІЗІМ

2021-2024 жж.

| № | Атауы | Жұмыс сипаты | Шыну мәліметтері | Көлемі бет/ б.т. | Бірлескен авторлар Т.Ә.Ж. | |
|---|---|-----------------|--|------------------------|---|---|
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. Scopus аппаратың базасы бойынша нөлдік емес ишпакт-факторлы халықаралық ғылыми журналда | | | | | | |
| 1 | The Concept of “Diligence/Laziness” in the Linguistic Image of the World. Өлемнің тілдік бейнесіндегі «енбеккорлық\жалқаулық» концептлері. | Баспа | International Journal of Society, Culture & Language (2023) Volume 11, 2. pp. 94-102 Online ISSN: 2329-2210 | 10 | Raushangul Avakova, Zhikha Zhantsova | |

Айтқұлова Г.А.

PhD докторант
 «Казак тіл мен әдебиеті»
 кафедрасының мемгерлупісі
 Гальм хатшы



Тасполатов Б.Т.
 Конарбаева З.К.

2. Казакстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіндегі үсіншілгап базасының тарихи мәдениеттік мұнайы

| № | Китеп аты | Мағжуб көшілік | Мағжуб көшілік | Мағжуб көшілік | Мағжуб көшілік | Мағжуб көшілік |
|---|--|----------------|--|----------------|-----------------------------|----------------|
| 1 | Ұлттық паремиологиядағы «енбеккорлық//жалқаулық» концептінің тілдік ерекшеліктері | Баспа | Ясаудың университетінің хабаршысы. Филология сериясы. (2023) №2 (128). – Б. 125–136. ISSN 2564-0686 | 14 | Ислам Дағдарысұлы | |
| 2 | Поэтический Материалы «енбеккорлық//жалқаулық» концепцийеринің вербальдану ерекшелігі. | Баспа | Абылай хан атындағы КазХК және ӘТУ хабаршысы, Филология сериясы, (2023) том 70 № 3 . ISSN 2709-9245. | 9 | Розиева Дағдарысұлы | |
| 3 | Қазақ және ағылшын тілдеріндегі паремиялардың лингвомадени ерекшеліктері. | Баспа | Абылай хан атындағы КазХК және ӘТУ хабаршысы. Филология сериясы. (2024) Том 72 № 1 . ISSN 2709-9245. | 13 | Авакова Розиева Дағдарысұлы | |

PhD докторант
«Қазақ тілі мен әдебиеті»
кафедрасының ментерушісі
Галым хатыны



Айткулова Г.А.
Тасполатов Б.Т.
Конараева З.К.

| 3. Казакстан Республикасындағы халықаралық және респубикалық конференциялардың материалдарында | | | | | | |
|--|--|-------|--|---|-------------------------------|--|
| 1. | Казак дүниетанымындағы «сөнбеккорлық, жалкаулық» концептісінің көрінісі. | Баспа | Э. Р. Тенишев әлемі: ғылымдағы ғұмыр» халықаралық конференция материалдары, Әл-Фараби атындағы казак ұлттық университеті, (2022), Алматы, 27 сәуір, 2022ж, 408-411бб. ISBN 978-601-04-3966-5 | 3 | | |
| 2. | «Еңбеккорлық// жалкаулық» концепттерінің лингвомәдени сипаты. | Баспа | Түркі фразеологиясы: зерттелу, ғылыми-теориялық методология және болашагы Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдар жинағы Гүергүй Республикасы (2023) 24-27 сәуір. 62-65бб. Стамбул, ISBN 978-601-04-3966-5. | 4 | Г.Ж.Алсектова, Р.Т.Кожабекова | |
| 3. | Түркі тілдері тарихының өзекті мәселелері | Баспа | Ақымет Байтұрсынұлының тұганына 150 жыл тулына арналған «Ақымет Байтұрсынұлы – ұлттың ружани кесемі» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция Материалдары, Әл-Фараби атындағы казак ұлттық университеті, Алматы, (2022), 222-224бб. ISBN 978-601-04-5981-6 | 5 | Р.Т.Кожабекова | |

PhD докторант
«Казак тіл мен әдебиеті»
кағафрасының менгерушісі
Гальм хатыны



Айткулова Г.А.
Тасполатов Б.Т.
Конараева З.К.